

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства

Кабельдік кәріз үшін диаметрі 50-250 мм полимерлік
пішінделген құбырларды төсеу жөніндегі

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТАСЫ

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

по прокладке полимерных профилированных труб
диаметром 50-250мм для кабельной канализации

ҚР СНТК 8.07-06-2019
ТКСН РК 8.07-06-2019

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министірлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального
хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного
развития Республики Казахстан

Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрілігінің (ҚР ИИДМ) Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы
3 ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	ҚР ИИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 13.09.2019 ж. №142-НҚ бұйрығымен
4 ОРНЫНА	алғашқы рет

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Предисловие

1 РАЗРАБОТАН	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕН	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (МИИР РК)
3 ПРИНЯТ И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ	Приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МИИР РК от 13.09.2019 года №142-НҚ
4 ВЗАМЕН	впервые

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Жалпы ережелер.....	1
2 Қолданылу саласы.....	2
3 Нормативтік сілтемелер.....	3
4 Негізгі пайдаланылатын материалдар мен бұйымдар сипаттамасы	5
5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы	10
6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік.....	18
7 Жұмыс сапасына қойылатын талаптар	21
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	26
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы.....	28

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

**КАБЕЛЬДІК КӘРІЗ ҮШІН ДИАМЕТРІ 50-250 ММ ПОЛИМЕРЛІК
ПІШІНДЕЛГЕН ҚҰБЫРЛАРДЫ ТӨСЕУ ЖӨНІНДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
КАРТАСЫ**

**ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА ПО ПРОКЛАДКЕ ПОЛИМЕРНЫХ
ПРОФИЛИРОВАННЫХ ТРУБ ДИАМЕТРОМ 50-250 ММ ДЛЯ КАБЕЛЬНОЙ
КАНАЛИЗАЦИИ**

Енгізу күні 2019-09-13

1 Жалпы ережелер

1.1 Технологиялық карта құрылыстағы технологиялық карталарды әзірлеу, келісу, бекіту және мазмұны бойынша мемлекеттік нормативтер талаптарына сәйкес әзірленген.

1.2 Кабель кәрізіне арналған диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларын төсеу бойынша жұмыстарды орындау кезінде жобалық құжаттама талаптарын сақтай отыра, ҚР ҚН 1.03-00-2011, ҚР ҚН 1.03-05-2011 және басқа да қолданыстағы НТҚ талаптарын басшылыққа алған жөн.

1.3 Технологиялық картадағы еңбек режимі жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру, еңбек бөлінісін ескере отырып звено жұмысшыларының арасындағы міндеттерді нақты бөлу, жетілдірілген құралдар мен жабдықтарды қолдануды ескере отырып жұмыс процесінің оңтайлы қарқыны жағдайлары талаптарымен қабылданды.

2 Қолданылу саласы

2.1 Технологиялық карта кіші динамикалық және статикалық жүктемелер кезінде механикалық кернеулерден және агрессивті орталардан кабельді (төмен тоқты, төмен және орташа кернеу күшті) қорғау үшін құбырларды төсеу бойынша қабылданған техниканың және технологияның қазіргі деңгейін ескере отырып, сметалық нормаларды одан әрі әзірлеу үшін негіз болып табылады.

2.2 Осы технологиялық картада кабель кәрізі үшін муфталық жалғамасы бар, диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларын төсеу қарастырылады.

2.3 Осы технологиялық картада орларды қазу, табандарды дайындау, құдықтар мен камералардың үлгілік бөліктерін дайындау, кабельдерді төсеу, құбырды көму бойынша жұмыстар қарастырылмайды.

3 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада төмендегі нормативтік-техникалық құжаттарға сілтемелер пайдаланылған (бұдан әрі мәтінде – НТК):

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті Төрағасының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы №413-нқ бұйрығымен бекітілген Құрылыстағы технологиялық карталарды әзірлеу, келісу, бекіту және олардың мазмұны жөніндегі мемлекеттік норматив

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1077 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігі ережелері».

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығымен бекітілген жүк көтергіш механизмдерді орнату және қауіпсіз пайдаланудың өнеркәсіптік қауіпсіздігіне қойылатын талаптар.

Осы технологиялық картаны қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет. Күні белгіленген сілтемелер үшін сілтеме нормативтік құжаттың көрсетілген басылымы қолданылады, күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтеме құжаттың соңғы басылымы қолданылады (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда)

ҚР ҚН 1.03-00-2011	Құрылыс өндірісі. Кәсіпорын, ғимарат және үй-жайлар құрылысын ұйымдастыру.
ҚР ҚН 1.03-05-2011	Құрылыстағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы.
ҚР ҚН 5.01-01-2013	Жер ғимараттары, табандар мен іргестастар
ҚР ҚН 1.03-03-2018	Құрылыстағы геодезия жұмыстары
ҚР ҚНТ МЕМСТ Р 12.4.026-2002	Дабылды түстер, қауіпсіздік белгілері және таңбалау дабылдары жалпы техникалық жағдайлары мен қолданылуы
МЕМСТ Р МЭК 61386.24-2014	Кабельдер төсеуге арналған құбыр жүйелері. 24-бөлік.
МЕМСТ 12.1.004-91	Жерде төсеуге арналған жүйелік құбырлар
МЕМСТ 427-75	Өрт қауіпсіздігі
МЕМСТ 7502-98	Металдан жасалған өлшегіш сызғыштар. Техникалық талаптар.
МЕМСТ 15150-69	Металдан жасалған өлшегіштер. Техникалық талаптар.
	Машиналар, аспаптар және басқа да техникалық бұйымдар
	Түрлі климаттық аудандар үшін орындау.
	Сыртқы ортаның климаттық факторлары бөлігінде категориялар, пайдалану талаптары, сақтау және тасымалдау
МЕМСТ 32412-2013	Ішкі кәріз жүйесіне арналған пластиктелмеген поливинилхлоридтен құбырлар мен фасон бөліктері
МЕМСТ 12.3.020-80	Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі
	Кәсіпорындарда жүктерді жылжыту процестері
	Жалпы талаптар
МЕМСТ 12.1.046-2014	Құрылыс. Құрылыс алаңдарын жарықтандыру нормалары
МЕМСТ 12.4.059-89	Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Құрылыс. Инвентарлық сақтық қоршаулары. Жалпы техникалық талаптар
МЕМСТ 12.4.087-84	Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Құрылыс. Құрылыс каскалары. Техникалық талаптар

MEMСТ 12.4.089-86	Еңбек қауіпсіздігі стандарттары жүйесі. Құрылыс. Сақтық белдіктері. Жалпы техникалық талаптар
MEMСТ 12.4.100-80	Уытты емес шаңнан, механикалық әсерден және жалпы өндірістік ластан қорғауға арналған ерлер комбинезондары Техникалық талаптар
ТУ 2248-001-73011750-2005	«Корсис» қысымсыз құбыр және т.б. үшін екіқабатты профилденген қабырғасы бар полиэтиленне жасалған құбырлар

Осы технологиялық картаны қолдану кезінде ағымдағы жылдағы жағдай бойынша жасалған, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі бойынша нормативтік құқықтық актілердің (НҚА) және НТҚ, сондай-ақ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша күшіне енген НҚА мен НТҚ қолданысын тексеру қажет.

Егер сілтемелік НҚА мен НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА мен НТҚ-ны басшылыққа алу қажет.

Егер сілтемелік НҚА мен НТҚ ауыстырылмастан күші жойылса, онда оларға сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

4 Негізгі пайдаланылатын материалдар мен бұйымдар сипаттамасы

4.1 Екіқабатты полимер құбырлар

Гофриленген құбырлар кабелді (әлсіз тоқты, төмен кернеулі күштік) көлік жүктемесінің болуын көздемейтін механикалық әсерден және агрессивті қоршаған ортадан қорғау үшін құбыр жүйелерін орналастыру үшін қолданылады.

Құбырлар тығыздылығы жоғары полиэтиленнің арнайы маркасынан жасалады және гофрдың «екі аркалы» нысанына ие.

Жалғастыру тәсілі – нығыздағыш сақинасы бар муфталық.

Монтаждау алдында муфтаны арнайы маймен майлау қажет.

Кабельдерді құбырларға төсеу арзанырақ кабельді өнімдерді қолдануға және пайдалану процесінде аз шығынмен кабельдік желілерді ауыстыруға мүмкіндік береді.

Кабельді қорғауға арналған құбырлар жүйесінің негізгі сипаттамалары:

- пайдаланудың ұзақ мерзімі (50 жылдан кем емес);
- тот басудың болмауы;
- монтаждауға ыңғайлы (салмағы жеңіл және иілгіш, бұрылыстарды еркін иіліп өтуге мүмкін болады);

- жалғастырғыш бөлшектер мен жинақталымның кең ассортименті.

МЕМСТ Р МЭК 61386.24-2014 сәйкес кабельдің/кабель түйінінің диаметріне қарай құбырларды таңдау.

1-кесте – Екі қабатты гофрленген құбырлардың техникалық сипаттамалары

Сыртқы диаметрі, мм	Ең төменгі ішкі диаметрі, мм	Кабельдің немесе кабель түйіндерінің диаметрі, мм	
		Ең төменгі диаметр, мм	Ең жоғарғы диаметр, мм
50	37	11,1	24,7
63	47	14,1	31,3
75	56	16,8	37,3
90	67	20,1	44,7
110	82	24,6	54,7
125	94	28,2	62,7
140	106	31,8	70,7
160	120	36,0	80,0
180	135	40,5	90,0
200	150	45,0	100,0
225	170	51,0	113,3
250	188	56,4	125,3


Қолданылу саласы:

- Электрмен жабдықтау және телекоммуникация, көшені жарықтандыру мен сыртқы жарнама (кабель құбырын салу; кабельді механикалық әсерден қорғау).

- Көлік инфрақұрылымы және монолитті бетондау (кабель кәрізін автомобиль және темір жолдарының бойынша және астына, аэропорттардың ұшу-қону алаңының астына салу).


Кеңірдектелген құбырдың жалпы көрінісі 1-суретте келтірілген.

Құбыр қабырғалары конструкциясы 2-суретте келтірілген.



1-сурет – Кеңірдектелген құбырлардың жалпы түрі

L – тиімді ұзындығы, L_1 – габарит ұзындығы, L_2 –раструб ұзындығы, OD – сыртқы диаметрі, ID – ішкі диаметрі.



2-сурет – Құбыр қабырғасының конструкциясы

e_5 – ішкі қабат қабырғасының қалыңдығы;

e_4 – ішкі қабат қабырғасының қалыңдығы.

Екіқабатты полимер құбыр конструкциясының ерекшелігі оның бірқатар тұтынушылық қасиеттеріне байланысты:

- жоғары сақиналық қаттылық;
- төмен жылу өткізгіштік;
- төмен үлес салмағы (болат немесе шойынмен салыстырғанда);
- агрессивті ортаға және тартылуға төзімділік;
- аязға төзімділік;
- микроорганизмдер әсеріне төзімділік;
- төзімділік;
- икемділік;
- орнату, сақтау және тасымалдау жеңілдігі
- соққыға жоғары төзімділік;

Кеңірдектелген құбырларды тасымалдау, объектіде сақтау және монтаждау МЕМСТ Р 54475 – 2011, ҚР ҚН 4.01-05-2002 талаптарына сәйкес жүзеге асырылған болуы тиіс.

Тиеу-түсіру жұмыстары МЕМСТ 12.3.020-80 талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

Құбырларды орау, тасымалдау, құжаттарды рәсімдеу және құбырларды сақтау МЕМСТ 10692-2015 талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

Таңбалау дайындаушының атауын және/немесе тауар таңбасын, «құбыр» деген сөзсіз құбырды шартты белгілеуді, дайындалған күнін (күні, айы, жылы – төрт цифр) қамтуы тиіс. Таңбалауға басқа ақпаратты енгізуге, мысалы партия, желі нөмірі және т.б. қамтуға жол беріледі.

Құбырлар белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес жасалған муфталармен және резеңке сақиналармен рәсімделген ұштармен жеткізілуі керек.

Екі қабатты профильді қабырғалары бар құбырларды жүктерді тасымалдау ережелеріне және осы көлік түріне қолданылатын тауарларды тиеу мен қамтамасыз етуге қойылатын талаптарға сәйкес кез келген көлік түрімен тасымалдауға болады.

Құбырларды тасымалдау автомобильдің сыйымдылығын барынша пайдалану арқылы жасалуы керек. Үлкен диаметрлі құбырларды кіші диаметрлі құбырларды орналастырумен тасымалдауға рұқсат етіледі.

Екі қабатты профильді қабырғасы бар құбырлар соққылардан және механикалық жүктемелерден қорғалған болуы керек. Құбырларды тасымалдау кезінде оларды бекіту және өткір металл бұрыштар мен платформаның қабырғаларынан қорғау үшін арнайы профильді тығыздағыштарды пайдаланып, оларды тегіс жерге төсеу керек.

Бұл ретте құбырларды тасымалдау, тиеу және түсіру минус 40 ° С-тан төмен емес температурада жүзеге асырылуы керек.

Төмен температурада тасымалдауға тек құбырлардың бекітілуін және арнайы сақтық шараларын сақтауды қамтамасыз ететін арнайы құралдарды қолдану арқылы рұқсат етіледі. Көлік құралдарынан құбырды домалатуға жол берілмейді.

Екі қабатты профильді қабырғалары бар құбырлар механикалық зақымдану мүмкіндігін болдырмай, құрылыс ұйымдарының жылытылмаған қоймаларында және шатыр астындағы учаскелерде сақталуы мүмкін. Құбырларды тікелей күн сәулесінен қорғау керек. Құбырларды МЕМСТ 54475 талаптарына сәйкес 6 айдан аспайтын мерзімге сақтауға рұқсат етіледі.

Қатардағы құбырлар тегіс жерлерде сақталады. Кеңернеулі құбырлар кеңернеулері бір-біріне тиіп кетпес үшін әртүрлі бағытта орналасқан. Буманың биіктігі құбырлардың салмағын ескереді, бірақ 3,5 м-ден аспайды. Құбырлардың өздігінен құлап кетуіне жол бермеу үшін бүйірлік тіректерді орнату керек.

Құбырларды және басқа да бұйымдарды ағаш бұтақтарынан 2 м-ден кем қашықтықта уақытша қоршаусыз немесе олардың айналасында қорғаныс құралдарынсыз сақтауға жол берілмейді.

Кіріс бақылауы келесі операцияларды қамтиды

- құбырлар мен фасон бөліктерінің таңбалануын техникалық және қосалқы құжаттаманың сәйкестігін тексеру;

- құбырлар мен фасон бөліктерінің сыртқы және ішкі беттерін ішкі және сыртқы қабатқа механикалық зақым келтірмеу үшін көзбен тексеру; зақымдалған жағдайда құбырлар мен фасон бөліктерін орнатуға рұқсат етілмейді;


- тасымалдау немесе сақтау кезінде алынған, механикалық қасиеттерінің жоғалуына, сондай-ақ құбырдың тығыздығына әкеп соқпайтын ішкі немесе сыртқы қабатқа (сызаттар, абразиялар) шамалы зақымдалған құбырларды орнатуға рұқсат етіледі;

- құбырлардың гофрлеуінің орташа сыртқы диаметрі мен биіктігін және фасон бөлігінің ішкі диаметрін өлшеу.

4.2 Нығыздағыш сақина және жалғастырғыш муфта

Элементтер муфталық жалғастыру кезінде пайдаланылады.

Нығыздағыш сақина және жалғастырғыш муфтаньң жалпы көрінісі 3-суретте келтірілген.



3-сурет – Нығыздаушы сақина мен жалғастырғыш муфтаньң жалпы көрінісі

4.3 Полимер құбырларды монтаждауға арналған жақпа- лубрикант

Құбырларды жалғастыру үшін жақпа- лубрикантты пайдалану ұсынылады, ол құбырларды құрастыру кезінде күшті айтарлықтай азайтады және құбырлардың құбыр ернеуіне біркелкі енуін қамтамасыз етеді.

Ыдыс салмағы 1 кг, 5 кг және 10 кг болып шығарылады.

Полимер құбырларды монтаждауға арналған жақпа- лубриканттың жалпы көрінісі 4-суретте келтірілген.



4-сурет – Полимер құбырларды монтаждауға арналған лубрикант майының жалпы көрінісі

2-кестеде бір ернеу және бір сақина есебіне түрлі диаметрдегі құбырлары майлау шығындарының нормалары келтірілген.

2-кесте – Майлау шығындары нормалары

№	Құбырдың сыртқы диаметрі	Шығын, кг
1	50-100	0,03
2	110-160	0,06
3	200-250	0,07

5 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы

5.1 Жұмыс жүргізуді ұйымдастыру

Диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеу бойынша жұмыстар жүргізуді ұйымдастыруды жобалық құжаттаманың, ҚР ҚН 1.03-00-2011 және ҚР ҚН 1.03-05-2011 талаптарына сәйкес орындау қажет.

Пішінделген полимер құбырларды төсеу бойынша жұмыстар жүргізуді бастар алдында келесі ұйымдастыру-техникалық шараларды орындау қажет:

- жұмыстарды жүргізудің жауапты орындаушысын тағайындау;
- жұмысшылардың қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық журналына қолдарын қойдыра отыра қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша мақсатты нұсқаулық жүргізу;

- жұмысшыларды жобалық құжаттамамен таныстыру;
- жұмысшыларды арнайы киіммен және жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету;

- ҚР ҚН 1.03-05-2011, ҚР ҚН 1.03-00-2011 талаптарына сәйкес жұмыстарды жүргізу учаскелерін және жұмыс орындарын ұйымдастыруды орындау (жұмысты орындау учаскелері мен орындарын дайындау, машиналар мен механизмдерді орналастыруға арналған алаңды дайындау, материалдар мен басқа заттарды сақтау үшін алаңдар дайындау);

- құрылыс алаңына жұмыстарды орындау үшін қажетті өнімдер мен материалдарды жеткізуге, оларды жинау, қорғалуын және сақталуын қамтамасыз ету;

- жұмыстың қауіпті аймағының периметрі бойынша сигналдық қоршау орнату (МЕМСТ 23407-78 бойынша);

- жұмыс орнын өрт сөндіру құралдарымен және алғашқы медициналық көмек көрсету құралдарымен жарақтандыру;

- желілік маршрутты заттай түрде алып тастау бойынша геодезиялық бөлу жұмыстарын орындау;

- құбырларды төсеу үшін жер жұмыстарын орындау;

- траншеялар арқылы өтпелі жерлерде өтпелерді жабдықтау;

- құбырларды шетінен 1 - 1,5 м қашықтықта траншея бойымен төсеу;

- қажет болған жағдайда жауын-шашыннан қорғау үшін шатырлар (жабын) орнату;

Жұмыстарды жүргізу талаптары мен ерекшеліктері:

- кабель кәрізі үшін диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеу бойынша жұмыстар ҚР ҚН 1.03-00-2011 және ҚР ҚН 1.03-05-2011 технологиялық талаптарын және басқа да қолданыстағы НТҚ сақтай отырып жұмыстарды орындауды көздейді.

- ылғалдылық режимі шектелмеген;

- жұмыс орындарының жарықтандырылуы МЕМСТ 12.1.046-2014 сәйкес келуі тиіс.

Пішінделген қабырғалы құбырларды бетон тіректерге тікелей төсеуге болмайды.

Кабель кәрізі үшін диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеуді мына құрамдағы звено орындайды:

- Сыртқы құбырларды монтаждаушы (бұдан әрі мәтін бойынша – Монтаждаушы) 4 санатты (М1) – 1 адам;

- 3 санатты монтаждаушы (М2) – 1 адам;

- 2 санатты монтаждаушы (М3, М4) – 2 адам;


Жұмыстар жиынтығына мыналар қатысады:

- 5 санатты экскаватор машинисі 5 (МЭ) -1 адам;

- 4 санатты жүк көлігі жүргізушісі (МГ) - 1 адам.

Леспе жұмыстарды орындау кезінде (бұйымдарды ілмектеу, шешу) 3 санатты монтаждаушы 2 санаттан төмен емес такелажшы (жүк ілдіруші) мамандығына ие болуы тиіс.

Кабель кәрізі үшін диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеу кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 5-суретте келтірілген.



5-сурет - Кабель кәрізі үшін диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеу кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы

- | | |
|--------------------------------------|------------------------------------|
| 1 – топырақты шығару | 5 – пішінделген қабырғалы құбырлар |
| 2 – ор | 6 – қарау құдығы |
| 3 – орға түсіруге арналған баспалдақ | 7 – төселген құбырларды көму |
| 4 – өтпе көпір | |

M1 –M4 - Монтаждаушылардың жұмыс орындары

Конструкциялар мен материалдарды қоқыспен жинау және жинау жобалық құжаттаманың бөлігі ретінде әзірленген скважиналар мен қоймалар схемаларына қатаң сәйкес жүргізілуі тиіс.

Жүк тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде құбырлардың түйіндері мен бөлшектерінің қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі тиіс.

5.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы

Пішінделген қабырғалы полимер құбырларды қосу нығыздағыш сақинаны қолдана отырып өсіру әдісімен тікелей траншеяда орындалады.

Кабель кәрізі үшін құбырлар төсеу келесі технологиялық ретпен жүзеге асырылады:

- дайындық жұмыстары;
- негізгі жұмыстар;
- қосалқы жұмыстар;
- қорытынды жұмыстар.

5.2.1 Дайындық жұмыстары

Жұмысшылар техникалық персоналдан нұсқаулар алады, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша оқытудан өтеді, жобалық құжаттамамен танысады, қажетті құралдармен, құрылғылармен, жабдықтармен, материалдармен қамтамасыз етіледі, жабдықтардың толықтығы мен жарамдылығын тексереді.

Құбырды төсемес бұрын, жұмысшылар орлар түбін қолмен тегістейді: қисық жерлерін түзетеді, топырақтар шашып ойлы-шұңқыр тұстарын тегістейді, топырақты

тегістеп рейка бойынша дайын бетті тазартады. Құбырлар астындағы топырақта тас немесе қиыршық тас қоспалары болмауы керек.

Орнатудан бұрын құбырлар мұқият тексеріліп, жарықтар, кесіктер, сызаттар және басқа да механикалық зақымдар анықталады. Егер ақаулар табылса, құбырлар қабылданбайды.

Құбырларды орға төсемес бұрын, траншея түбінің, траншея енінің, табанының дайындалуының, шұңқырлардың өлшемдерінің жобаға сәйкестігі тексеріледі.

5.2.2 Негізгі жұмыстар

5.2.2.1 Құбырларды орға түсіру

М3, М4 монтаждаушылар құбырларды ор жиегінен береді. М1, М2 монтаждаушылар орға түседі, құбырларды қабылдайды, оларды бұған дейін төселген құбырларға әкеледі және оны ор табанына төсейді.

Өткір заттарды сүйреу, лактыру немесе сызу арқылы құбырларды жылжытуға тыйым салынады. Траншея шетіне төселетін құбырлардың қажетті саны ауысымның шығысымен анықталады.

5.2.2.2 Түзете отырып құбырды табанға төсеу

Құбырдың орналасуын түзетуді М1 және М2 монтаждаушылар жүргізеді, олардың біреуі (М2) төселетін құбырдың науасына жүретін нысананы орнатады, ал екінші монтаждаушы М1 жылжымайтын көздегіш сызығының алдына тұрып жүретін нысананың жоғарғы жағы туралау сызығында тұрғанын қадағалайды.

Құбырлар жағдайын тексеру 6-суретте келтірілген.



6-сурет – Құбырдың орналасуын тексеру

Қажеттілік туындаған кезде М1 және М2 монтаждаушылар құбырды көтереді немесе түсіреді, ал М3 және М4 монтаждаушылар құбыр астындағы топырақты алады немесе нығыздайды. Кейін монтаждаушы М1 бұрыштық көмегімен тегістегішті қойып тұрып төселетін звеноның (құбырдың) ұштарында құбыр осінің орналасуын белгілейді, одан кейін тіктеуіш бойынша белгі салынған жерлерге ілгек орнатады.

Монтаждаушы М1, бұған дейін төселген құбыр ілгегіне сүйене отыра құбырдың дұрыс орналасуын тексереді.

Қорғаныш бітеулерін алады, дұрыс орналасқанын тексереді. Құрғақ шүберекпен немесе ескі-құсқымен құбыр кеңернеуін кірден, судан және шаңнан тазартады.


5.2.2.3 Нығыздауыш сақинаны орнату

Нығыздауыш резеңке сақина екінші гофрдің ойығына орнатылады, ал герметикалық профиль («тіл») муфтаның құбыр бағытына қарама-қарсы бағытта бағытталуы керек.

Муфта құбырға тұрақты және тең үлестірілген күшпен орнатылады. Орнату кезінде құбырдың, муфтаның және сақинаның шеттері мүлдем таза болуы керек.


«Тілдің» көрсетілген позициясы сақинаның бүкіл периметрі бойынша муфтаның серпімді орналасуына кепілдік береді және жүйенің толық тығыздығын қамтамасыз етеді.

Нығыздауыш сақинаның жалғастырғышта орналасу жағдайы 7-суретте келтірілген.



7-сурет – Жалғастырғышта нығыздағыш сақинаның орналасуы

Нығыздағыш сақина алдымен құбырдың төменгі бөлігіне орнатылады, кейін монтаж қолдана отыра нығыздауыш сақинаның жоғарғы бөлігі киіледі (8-сурет)



8-сурет – Нығыздағыш сақинаны орнату

5.2.2.4 Құбырдың ішкі және сыртқы бетін майлау

Муфтаны/кеңернеуді орнатпас бұрын оның ішкі беті, сондай-ақ орнатылған сақинаның сыртқы беті пластикалық құбырларды монтаждау үшін арнайы маймен қапталған болуы керек. Әр түрлі қаптамадағы майлау кез-келген диаметрлі құбырларды майлауға арналған. Майлау құбырларды жинау кезіндегі күшті едәуір азайтады, құбырдың еңернеуге біркелкі енуіне ықпал етеді және ол сақинаның жылжып кету ықтималдығын азайтады.

Орнатудың рұқсат етілген температурасы: минус 5 ° С-ден плюс 40 ° С.

Нығыздаушы сақиналар мен муфталар/кеңернеулерді майлау үшін материалдардың қасиеттерінің нашарлауына және олардың мерзімінен бұрын тозуына әкеліп соқтыратын мұнай және құрамында майы бар заттарды қолдануға тыйым салынады,.

5.2.2.5 Муфталық жалғастырғыш

Муфтаның басынан белгіленген жерге дейінгі қашықтық (яғни, муфтаның ортасы), құбырда бұрын маркермен белгіленген, бұл құбырдың муфтаның ішіне енуін қамтамасыз етеді.

Құбырдың соңы тығыздағыш сақинаның жағдайын міндетті түрде қадағалай отырып, осіне параллель тұрақты және тең бөлінген күшпен муфтаның ішіне енгізіледі. Егер герметикалық сақина гофр, кептелу және / немесе қабаттасу арасындағы келесі қуысқа жартылай шығарылса, орнату процесін тоқтата тұру және герметикалық сақинаны бастапқы орнына қайтару қажет.

Муфтаны орнатқан кезде муфтаның және сақинаның зақымдалуына әкелуі мүмкін соққылар жасауға жол берілмейді.

Арнайы бейімдегіштер көмегімен муфталық жалғастырғышты монтаждау 9-суретте келтірілген.



9-сурет – Арнайы бейімдегіштің көмегімен муфталық жалғастырғышты монтаждау

Құбырдың маймен майланған бір ұшын екінші құбырдың муфтасына/кеңернеуіне бағыттайды, ортасын ұстап тұрады, құбырды одан әрі жылжытпай оны монтаждау белгісіне дейін муфтаға/кеңернеуге жылжытады.

Құбырды төсегеннен кейін құммен жанынан тіреу қажет. Эскаватор машинисі орға құмды береді, ал монтаждаушы қолмен дірілплитаның көмегімен құмды нығыздайды.

5.2.3 Қосалқы жұмыстар

Екі қабатты пішінді қабырғасы бар полимерлі құбырлардан құбырларды сақтау алаңына жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейінгі автокөлік құралындағы кранның көмегімен 2 санаттағы такелажник (жүк ілуші) звеносы жүргізеді.

5.2.4 Қорытынды жұмыстар.

Ауысым соңында жұмысшылар жұмыс орнын құрылыс қоқысынан тазартуды жүргізеді, сайман, мұкамалды тазартады және қоймаға тапсырады.

Кабель кәрізіне арналған, диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеу бойынша жұмыстар жүргізудің операциялық картасы 3-кестеде келтірілген.

3-кесте - Кабель кәрізіне арналған, диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеу бойынша жұмыстар жүргізудің операциялық картасы

Операцияның атауы	Технологиялық қамтамасыз ету құралдары (технологиялық керек-жарақтар, құрал, саймандар, құрылғылар), машиналар, тетіктер, жабдық	Орындаушы	Операцияның сипаттамасы
1	2	3	4
Дайындық жұмыстары			
Нұсқаулық және құжаттамамен танысу		4 санатты сыртқы құбырды монтаждаушы (М1) – 1 адам; 3 санатты монтаждаушы 3 (М2) – 1 адам; 2 санатты монтаждаушы (М3, М4) – 2 адам; 4 санатты жүк көлігі жүргізушісі (МГ) - 1 адам. 5 санатты экскаватор машинисі (МЭ) -1 адам	Жұмысшылар шеберден (прораб) оны қауіпсіз орындау әдістері туралы тапсырма және нұсқаулар алады, жобалық құжаттамамен танысады, қажетті құралдар мен құрылғыларды алады, олардың жарамдылығын тексереді, ЖҚҚ алады
Негізгі жұмыстар			
Құбырларды орға түсіру	Ілмек-орамал, арқан байламы, ағаш білеу, қалақша лом, жаққыш, маркер, балға, сүңгі, егеу, сызғыш, өлшегіш бұрыштық, штангенциркуль	М1, М2, М3, М4	М3, М4 монтаждаушылар құбырды ордың жиегінен береді. М1, М2 монтаждаушылар орға түседі, құбырларды қабылдап алады, оларды бұрын төселген құбырға әкеледі және оны ордың табанына төсейді.
Құбырларды тексере отырып табанға төсеу	белгі, жұмсақ матауыш	М1, М2, М3, М4	М1 және М2 құбырдың салынуына тексеру жүргізеді. М2 төселетін құбырдың науасына жүретін нысананы орнатады, ал екінші монтаждаушы М1 жылжымайтын көздегіш сызығының алдына тұрып жүретін нысананың жоғарғы жағы туралау сызығында тұрғанын қадағалайды. М1 және М2 құбырды көтереді немесе түсіреді, ал М3 және М4 монтаждаушылар құбыр астындағы топырақты қиып аласартады немесе таптайды.

№ 3 кестенің соңы

1	2	3	4
			Монтаждаушы М1, бұрын төселген белгіге қарап құбырдың дұрыс төселгенін тексереді.
Нығыздауыш сақинаны орнату	Ескі шүберек, нығыздауыш сақина	М1, М2	М1 және М2 нығыздауыш сақина алдымен құбырдың төменгі бөлігіне орнатады, кейін монтировка қолдана отыра нығыздауыш сақинаның жоғарғы бөлігіне кигізеді
Құбырлардың ішкі және сыртқы беттерін майлау	Ескі шүберек	М2	М2 жалғастыратын жерді ескі шүберекпен сүртеді және май-лубликантты жағады
Муфталық жалғастырғыш		М1, М2	М1 және М2 бір құбырдың ұшын монтаждау белгісіне дейін кигізеді. М2 нығыздауыш сақинаның муфтада орналасуын бақылайды .
Құбырды жанынан тіреу	Экскаватор, Дірілтақта	Мэ, М1, М2	Мэ подает песок в траншею. М1 и М2 выполняют ручную доработку песка. М1 выполняет уплотнение песка виброплитой
Қосалқы жұмыстар			
Материалды түсіру	Автокөлік	М1, М2, М3, М4	М3 және М4 автокөлік қорабынан М1 және М2 құбырларды береді, олар құбырды қабылдайды және ордың жиегіне төсейді. Бұл ретте автокөлік ордың бойымен баяу жылжиды.
Қорытынды жұмыстар			
Қорытынды жұмыстар		М1, М2, М3, М4	Ауысым соңында жұмысшылар жұмыс орны мен құралдарды ретке келтіреді. Саймандар мен жабдықтар қоймаға тапсырылады.

6 Материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік

6.1 Кабель кәрізіне арналған, диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеуге материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік ведомосы 4-кестеде келтірілген.

4-кесте - Кабель кәрізіне арналған, диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеуге материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілік ведомосы

Жұмыстар көлемі – 48 м құбыр

р/с №	Материал, бұйым атауы	НТҚ атауы мен мақсаты	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4	5
1	Жиынтығында нығыздауыш сақинасы бар, екіқабатты пішінделген қабырғалы полимер құбырлар, диаметрі, мм: 50-90 110-160 200-250		м	48 48 48
2	Жалғастырғыш муфта 50-90 110-160 200-250		дана	3 3 3
3	Полимер құбырларды монтаждауға арналған май-лубрикант, диаметрі, мм: 50-90 110-160 200-250		кг	0,15 0,18 0,21
4	Құбырларды тазартуға арналған шүберек құбырлар диаметрі, мм: 50-90 110-160 200-250	-	кг	0,2 0,3 0,4

6.2 Машиналар, механизмдер, жабдықтар, технологиялық жабдықтау, сайман, мұқаммал және құралдар тізбесі 5-кестеде келтірілген

**5-кесте Машиналар, механизмдер, жабдықтар, технологиялық жабдықтау,
сайман, мұкаммал және құралдар тізбесі**

Звеноға - 4 адам

1	2	3	4	5	6
1	Шынжыр табанды экскаватор		Жанын тіреу үшін құмды беру	0,6 м3	1
2	Қалақшасы бар монтаждау ломы (МЕМСТ 1405)	-	Құбырлар төсеу	Ұзындығы-132 см	2
3	Күрек (МЕМСТ 19596)		Ордың түбін тегістеу және тазарту		2
4	«Жұмсақ» матауыш (матауыш орамал)	-	Құбырларды матау	ұзындығы -10 м	2
5	Егеру (МЕМСТ 1465)	-	Бетін тазарту	Масса -0,17 кг	1
6	Маркер	-	Кесетін жерге белгі салу	-	2
7	Өлшегіш рулетка (МЕМСТ 7502)		Өлшеу жұмыстары	Ұзындығы - 20 м, Ц.Д.1 мм	1
8	Өлшегіш сызғыш (МЕМСТ 427)		Өлшеу жұмыстары	Ұзындығы - 0,5м, ц.д.1 мм	1
9	Штангенциркуль (МЕМСТ 166)		Құбыр диаметрін, қабырға қалыңдығын өлшеу,	Өлшеу дәлсіздігі ±0,1 мм	1
10	Тексеру бұрыштама 90° (МЕМСТ 3749)		Құбыр, ернемектің капталының перпендикулярлығы	250x160 мм, ц.д. 1 мм	1
11	Нивелир (МЕМСТ 10528)		Белгілерді тексеру	Массасы - 1,8кг	1
12	Қабырға өлшегіш (МЕМСТ 11358)		Қабырға қалыңдығын өлшеу	Өлшеу дәлсіздігі - ±0,02 мм	1
13	Пышақ	-	Сабынды кесу	-	1
14	Жаққыш (МЕМСТ 10597)		Құбырлар үшін сабынды ертіндімен майлау		1
15	Балға (МЕМСТ 2310)		Монтаждау кезінде ұру	Массасы -0,3 кг	1
16	Сүңгі		Қосылыстарды бақылау үшін		1
17	Ағаш білеу		Лом астына төсеу, уақытша тіреу		5
18	Термометр (МЕМСТ 112)		Қоршаған ортаның температурасын өлшеу	Ц.д. - 1°С	1
19	Бақылау рейкасы	Инв.	Ордың түбін тазарту	Ұзындығы -2м	1

5-кестенің соңы

1	2	3	4	5	6
19	Құрылыс каскасы (МЕМСТ 12.4.087)		Жеке қорғану құралы		2
20	Қолғаптар (МЕМСТ 12.4.010)		Жеке қорғану құралы		4 жұп
21	Арнайы киім (МЕМСТ 12.4.100)		Жеке қорғану құралы		4 жиынтық
22	Аяқ киім (МЕМСТ 12.4.137)		Жеке қорғану құралы		4 жұп
23	Қорғаныш көзілдірігі (МЕМСТ 12.4.013)		Жеке қорғану құралы		4
24	Баспалдақ (МЕМСТ 26887)	Инв.	Орға түсіру	Ұзындығы 3 м артық емес	1
25	Өткел көпірше	Инв.	Ордан өту		1
26	Өрт сөндіргіш		Өрт сөндіру құралы		2
27	Дәріхана кобдишасы	АН-1	Алғашқы медициналық көмек көрсету		1

7 Жұмыс сапасына қойылатын талаптар

Кабель кәрізіне арналған, диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеу жұмыстарының сапасына қойылатын талаптар 6-кестедегі технологиялық процестерді бақылау картасында келтірілген.

6-кесте – Технологиялық процестерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланыатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылау мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақтар өткізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгілері	Өлшеу, сынақ құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгілері	Өлшемдер ауқымы, қателіктері, дәлдік сыныбы	
Кіріс бақылауы										
Пішінделген қабырғалы полимер құбырлар	Маркасы	Жоба бойынша	Жол берілмейді	Қоймалау алаңы	Тұтас	Шебер (прораб)	Көзбен шолып	Өнім сапасы туралы ілеспе құжаттар бойынша		Журнал Кіріс бақылау журналы Сол сияқты
	Құбырдың ұзындығы, м	12	+ 1 %	Сол сияқты	Іріктеп (әр партиядан бес дана)	Сол сияқты	Өлшегіш (МЕМСТ 26433.2)	Өлшеуіш рулетка (металл)	Өлшеу диапазоны 0 ден 10000 мм, ц.д. 1 мм	
	Құбырдың цилиндр бөлігінің сыртқы диаметрі, мм	Жоба бойынша	Жол берілмейді	-«-	Сол сияқты	-«-	Сол сияқты	Өлшеуіш сызғыш Штанген-циркуль	Өлшеу диапазоны 0 ден 1000 мм, ц.д. 1 мм Ц.Д. 0,01 мм	-«-

б-кестенің жалғасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынама ларды іріктеу) орны	Бақылау мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақтар өткізуді орындауш ы	Бақылау әдісі, НТҚ белгілері	Өлшеу, сынақ құралдары		Бақылау нәтижел ерін ресімде у
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгілері	Өлшемдер ауқымы, қателіктері, дәлдік сыныбы	
Пішінделген қабырғалы полимер құбырлар	Құбыр қабырғасы ның қалыңдығы , мм Құбырлард ың сыртқы бетінің сапасы	Жоба бойынша Жарықтар, тесіктер, сызаттар және т.б. жоқ		Сақтау аймағы	Іріктеп (әр партиядан бес дана) Сол сияқты	Шебер (прораб) Сол сияқты	Өлшегіш Көзбен шолып	Қалыңдық өлшегіш	Өлшеу дәлдігі ±0,02 мм	Кіріс бақылау ы журнал ы
Операциялық бақылау										
Кабель кәрізіне арналған, диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеу	Ордың түбін белгілеу, мм	Жоба бойынша	0,1м	Жұмыст арды жүргізу учаскесі	Ішінара (желілер бағытын өзгертетін жерлерде, басқа коммуникаци ялармен қиылысатын жерлерде)	Шебер (прораб)	Өлшегіш	Нивелир және нивелирлі рейка		Жұмыст арды жүргізу журнал ы

6-кестенің жалғасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылау мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақтар өткізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгілері	Өлшеу, сынақ құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгілері	Өлшемдер ауқымы, қателіктері, дәлдік сыныбы	
Кабель кәрізіне арналған, диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеу	Ордың ені, мм	Жоба бойынша	0,5м	Жұмысты жүргізу учаскесі	Іріктелген (желілер бағытын өзгертетін жерлерде, басқа коммуникациялармен қиылысатын жерлерде)	Мастер (прораб)	Өлшегіш	Металдан жасалған өлшегіш	Өлшеу аралығы 0 ден 5000мм, ц.д.1 мм	Жұмыстар жүргізу журналы
	Құм себіндісінің биіктігі, мм	Сол сияқты	0,1м	Сол сияқты	Іріктелген (әр 100 м құбыр ұзындығы үшін кем дегенде бес өлшеу)	Сол сияқты	Сол сияқты	Сол сияқты	Сол сияқты	Сол сияқты

6-кестенің жалғасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылау мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақтар өткізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгілері	Өлшеу, сынақ құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгілері	Өлшемдер ауқымы, қателіктері, дәлдік сыныбы	
Кабель кәрізіне арналған, диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеу	Құм себіндісінің тығыздығы Құбыр көлбеуінің жобалық құжаттамада берілгеннен ауытқуы, Жалғастырғыштардың жоба талаптарына сәйкестігі	Жоба бойынша	1 град	Жұмысты жүргізу учаскесі	Ішінара (әрбір 100 м бес өлшемнен кем емес) Ішінара (желінің бағыты өзгертін жерлерде, басқа коммуникациялармен қиылысатын жерлерде) Тұтас (әрбір қосылыс)	Шебер (прораб)	Өлшегіш	Динамикалық тығыздық өлшеуіш	0,77 ден 1,02 дейін нығыздалу коэффициенті мәнін айқындау диапазоны	Жұмыстар жүргізу журналы

6-кестенің соңы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау (сынамаларды іріктеу) орны	Бақылау мерзімділігі	Бақылауды немесе сынақтар өткізуді орындаушы	Бақылау әдісі, НТҚ белгілері	Өлшеу, сынақ құралдары		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Номиналдық мәні	Шекті ауытқу					Типі, маркасы, НТҚ белгілері	Өлшемдер ауқымы, қателіктері, дәлдік сыныбы	
Кабель кәрізіне арналған, диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеу	Құбырлардың диаметрі мен қабырға қалыңдығының және жобалық құжаттаманың пішінді бөліктерінің сәйкестігі, мм Құбырлардың осінің жобалық жағдайынан ауытқуы, артық емес	Жоба бойынша	Жол берілмейді	Жұмыстар жүргізу учаскесі	Тұтас (әрбір құбыр)	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	Құбырлардың және бөліктерінің таңбалауда көрсетілген диаметрлерінің мәндері мен қабырғалар қалыңдықтарын олардың жобалық мәндерімен салыстыру		Жұмыстарды жүргізу журналы
		Жоба бойынша	5 град							
Қабылдау бақылауы										
Монтажалған құбыр	Бұзбайтын бақылау әдісімен жапсарлар тұтастығын тексеру	Жоба бойынша	Жол берілмейді	Монтажалған құбыр	Тұтас	Қабылдау комиссиясы (дефект оскопиялық	Өлшегіш Радиографиялық , ультра дыбыс	Радиографиялық үлдір, сәулелену көздері	Өлшем диапазоны, 0 ден 2000 мм, ц.д. 1 мм	Қабылдау-беру сынақ актісі

8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау

8.1 Кабель кәрізіне арналған, диаметрі 50-250 мм пішінделген полимер құбырларды төсеу жұмыстарын жүргізу кезінде ҚР ҚН 1.03-05-2011, ҚР ҚН 1.03-00-2011 талаптарын орындау қажет.

8.2 Жұмыстарды орындауға қарсы көрсетілімі жоқ медициналық куәландырудан, оқудан, білімді тексеруден өткен және тиісті куәлік алған, жұмыс орнында қол қойдыра отыра еңбек қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтан өткен адамдар жіберіледі.

